

ЖАС ТОЛҚЫН

2





12/2006

ЖАС ТОЛҚЫН

2-кітап

**Поэзия
Жас қаламгерлердің
тұңғыш өлеңдері**



**Алматы
“Жалын баспасы”
2005**

ББК 84 Қаз 7-5
Ж 33

**Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министірілігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр**

Ж 33 Жас толқын. Жас ақындардың өлеңдер жинағы.
Құраст. – Оразақын Асқар – Алматы: “Жалын баспасы”
ЖШС, 2005. – 256 бет.

ISBN 9965-693-24-2

Бұл – еліміздің еркін жастарының жан жүрегінен жарып шыққан өмір, қоғам, табиғат, достық, махаббат туралы жігерлі жырларынан құрастырылған жаңа жинақ.

Атамекеніне әр тұстан ағыла оралып жатқан қандас бауырларымыздың үйіріне қосылған ақын ұл-қыздарының туындылары да осында.

Ж $\frac{4702250202-10}{408(05)-05}$ 10-2005

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-693-24-2
ISBN 9965-693-19-6-(т.1)

© “Жалын баспасы” ЖШС, 2005

ӨРТЕҢГЕ ШЫҚҚАН ӨНДІРДЕЙ

“Қазақ халқы – ақын халық”. Дәлелдеуді қажет етпейтін бұл шындықты қазақ жерін, қазақ елін о баста алғаш көріп, біліп, таныған шетелдік саяхатшы, зерттеушілер айтқан. Содан бергі уақыттарда да, әр дәуір, қилы замандарда бұл аксиоманы еліміз дамыта дәлелдеумен келеді.

Байырғы билеріміз де, дінбасымыз Хожа Ахмет Яссауи, алғашқы ғұламамыз Әл Фараби де ақын. Ежелден еркіндік аңсаған еліміздің тәуелсіздігін дайындаушы алаш азаматтарының дені ақындар. Дербестіктің соңғы құрбаны күні кешегі қыршын Қайрат та ажал алдындағы соңғы сөзін өлеңмен өрді. Тәуелсіздікке қолымыз жеткенде соның өлшеусіз қуанышын қарсы алғандар да, әл күнге дейін жырмен жар салып келе жатқандар да әсіресе ақындар.

Дербестіктің арқасында қазіргі кезде шетелдерге барыс-келіс жиілегенде, кейбір азаматтар: “Өркениетті кейбір елде ақындар аз болады екен, өлеңге біздегідей мән бере қоймайды екен”, – деп, поэзияны ту көтерген өз халқымызды мақтан етудің орнына соларға еліктеп, елімізді солардың рухани өнерге деген төмен дәрежесіне құлдыратқысы келетін сыңай танытатыны кейбір газет-журналдарға кері ықпал етті. Сөйтіп, мына еркіндік заманда өртеңге шыққан өндірідей қаулаған жас та жасамыс поэзиямызға тосқауыл, бөгет көбейді.

Өлеңдері басылмаса да, жинақтары шықпаса да соған қарамастан туындылары жаңа сападағы жас ақындар әдебиет әлемінде бой көрсетуін бір сәт те тоқтатқан жоқ.

Жазба поэзиямен қоса, ауыз әдебиетінің айтыс жанры да кертартпа кедергілермен күресе жүріп жаңғыра жасаруда.

“Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денен”, –

деген Абай қағидасы қазақ үшін қашан да қаз қалпында. Бірде ақындардың өлендерін оқып отырып, халқымыздың жаңа заманғы қас батыры Бауыржан Момышұлы: “О, күдіретті поэзия! Мен сенің құрбандығың болғым келеді” – деген. Арғы-бергі талантты прозашыларымыз шығармашылықтарын өлеңнен бастаған. Ақындық қазақ халқының ұлттық ерекшелігі. “Өзінің ұлттық бейнесін сақтап, дамыта алмаған ел өзге ұлтқа жем болады”, – депті Ататүрік.

“Өзге жұрт маймылдан жаралса жаралған шығар, әйтеуір, бір жануардан жаралуға тиісті болсақ, біз қазақтар онда сәйгүліктерден жаралғанбыз”, – деп Асқар Сүлеймен айтқандай, басқа кейбір ел өлеңсіз өмір сүргісі келсе өзі білсін, біз, қазақтар, поэзиясыз өмір кеше алмаймыз. Ақшаны пір тұтқан нарықты да өлең-жырмен нақыштаймыз. Капитализмнің өрінде де, төрінде де өлеңмен өнер көрсетіп, өнер алды қызыл тілмен әлем халқын әлі де талай тәнті етеміз.

“Поэзия – әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы, рухы мен оты, көркі мен күні”, – деген В.Г.Белинскийдің сөзінің болашақ ту ұстаушысы қазақ халқы болып қала бермек. Соның бір айғағы – қолдарыңыздағы “Жас толқын” атты жинақ. Бұл – бұрын “Жалын” баспасынан жиі жарық көріп тұратын “Қарлығаш” дейтін жастардың ұжымдық жинағының араға көп жыл салып қайта жаңғырған заңды жалғасы. Арқалы ақындарды заман зардабы, қайшылық қасіреті қайрай түспесе, қажытпақ емес. Оған осы жинақты оқығанда көзіміз жете түсті. Қаламы өткір, ойы ұшқыр ақын жастар легі көбеймесе азаймапты. Қайта салмақтана, сапалана, ұлттық негізге ойыса, тарихи төркінімен қабыса түскендей. Бұл топтамаға Қазақстанның барлық облыстарынан және жан-жақтағы шетелдерден

атамекеніне оралған қандастарымыздың да жас талапкерлері қосылып отыр.

Бұл балауса жырлардан ең алдымен байқалатыны – тәуелсіздік тарту еткен азаматтықтың еркін тынысы, сонымен бірге ойындағысын бүкпей, қысылып-қымтырылмай, ешкімнен қаймықпай, өктем бір идеяға еріксіз бас ұрмай, жан сырын жасырмай, жасандылыққа бой ұрмай, ойындағысын ортаға жайып салу. Дербестіктің қуаныш-шаттығымен қоса өтпелі кезең тудырған уақытша қиындық, кедергілер де жас ақындар назарынан тыс қалмапты. Өлең өмір айнасы болғандықтан бұл да заңды. Бірақ сары уайымға салынбай, болашаққа зор үмітпен қарау да баршылық.

“Жыр шақпағы жарқ етіп туады ұшқын,
Нышаны бар бір жақсы қуаныштың.
Жылылығын жүрегім сезінеді
Келер күнгі керемет туар істің”, –

деп ағынан жарылады Дәулетбек Байтұрсынұлы.

Жас ақындардың балғын жырларын оқи отырып, тілдерінің шұрайлылығына, дәстүрлі ұлттық поэзиямен етенелігіне еріксіз сүйсінесің.

“Аққуда құстың қанымын,
Кертолғау жырдың зарымын.
Қара өлеңіме қададым
Қарашығымның мамығын.
Аспани қанат қиялдан
Тәңірісі жебеп сый алған,
Құс мүсін өлең дүр еткен
Көмейіндегі ұядан.
Мен ақын деген шерлі едім”, –

деп баяғы жырау бабаларынша Ықылас Ожай желдірте бір жөнелгенде, желпіне қостап қол соғасың.

Бұл жинаққа енген өлеңдердің дені – жастық, сүйіспеншілік, махаббат жайлы жырлар. Ол заңды да. Махаббаттың қыр-сырын өз бастарынан кешіріп отырған жас ұл, қыздар жырламағанда кім жырлайды?!

“Сен кім едің...
Шуағын төккен күнбісің?
Қиылып қылдай періште сұлу бір мүсін.
Тербете басқан жүректің нәзік пернесін,
Әуені әсем, сағыныш сазды үнбісің?”

Бұл – Әсел Жұмалының өзіне қырындап жүрген жігіттердің біріне іштей сұрау салып, зерттей, зерделей бастауы. Ал, Ырысбек Дәбей өзінің құлай сүйген қызын:

“Көк теңізден көбік қалғанша,
Қызғалдақ біткен солып қалғанша,
Тазғыр таулардан тамтық қалғанша,
Қоғалы көлдер қаңсып қалғанша,
Өшкен отымды өзің кеп үрлеп,
Тұтату саған мансұқ болғанша
Күтемін”, –

депті. Сөйтетініне, сөйткен сүйіспеншіліктің соңы қайырлы болатындығына сенесің.

Қазақ поэзиясында сирек те болса ақындар әулеті бар. Әріде Абай – Шәкәрім, беріде Айманкүл – Әбділда, Ғафу – Бақыттар елге белгілі. Енді, міне, осы жинаққа еніп отырған Мұқағали – Жұлдыз, Қанипа – Талаптар бой көрсетіп отыр.

“Әкеден ұл туса игі, әке жолын қуса игі”, – дей тұрсақ та, әке даңқына лайық болу деген жауапкершілік тағы бар. Соны сезінген Жұлдыз әкесі армандаған заңгерлік мамандықты игерсе де, ақындыққа барынша сақтанып, байқап бой ұрғандай. Көптен өлең жазып жүрсе де, еш жерге ұсынбайды екен. Кейбір газет-журналдарда ептеп көрінгені болмаса, топтама өлеңі осы жинақта алғаш рет жарияланып отыр.

“Жүректесің әрдайым, жүректесің,
Шалыс кетсе құлашым білекке сын.
Сен дегенде, ей, әке, көңілім ақ
Жаман балаң бар бүгін, ниеттесің”, –

дейді әкесіне арнаған бір өлеңінде. Сол ізгі ниетін біз де қостап, бір топ өлеңдерін оқырманға ұсынып отырмыз.

Мақпал Мысаның:

“Ақындар көп том-том кітап жазатын,
Ақындар көп шақыратын өз атын.
Ақындар көп шекпен киіп, шен алған,
Нағыз ақын сыртта қалды озатын”, –

деп, қысқа да нұсқа, қарапайым да көркем толғанысы осы кезге дейін ішінара шындық болып келе жатқаны рас. Ендігі жерде нағыз таланттар көзінің тірісінде-ақ өз есесіне ие болса екен деген тілек айтамыз. Тек тілекпен ғана шектелмей, солай болуы үшін әрқайсысымыз тегеурінді күрес жүргізуіміз қажет.

Ал, қолдарыңыздағы жинаққа енген туындылар осы жинақтан өлеңдері орын алған Нәзира Бердалы айтқандай:

“Жаңа өлеңдер,
Көктемгі жасын өлеңдер,
Өмірге құштар,
Бақытқа ғашық өлеңдер.
Балалығы мен бейкүнәлігі
басым өлеңдер.

Қымбат өлеңдер,
Тұнық өлеңдер,
Асыл өлеңдер,
Ашық өлеңдер”.

“Адам өмірі Бодлер жазған өлеңнің бір жолына да татымайды”, – депті Акутагава Рюноскэ. Бұл баға – нағыз поэзия тудыратын шынайы ақындардың бәрінің де мақтанышы. Өзге өнер туындысының ешқайсысына да мұндай баға беріліп көрген жоқ.

Осы жинаққа балауса туындылары енген жас талапкерлер бәйгеге жаңа қосылғалы тұрған жарау тайқұндар сияқты. Алда жылдар, ғасырлар жатыр. Он жылдан кейін кімдер, ширек ғасырдан кейін кімдер озып, суырылып алға шығып, елге танылып, жарты ғасырдан кейін поэзия аспанында кімдердің жұлдызы көз тарта жарқырап жанар екен деген ойға қаламыз.

Осыдан жарты ғасырға жуық уақыт бұрын, яғни 1961-жылы “Қазмемкөркемәдеб баспасынан” жарық көрген “Жас дәурен” атты жас ақындардың ұжымдық жинағын парақтап қарап отырсақ, жинақты Тұманбай Молдағалиев құрастырып, Дихан Әбілев алғысөзін жазыпты. Поэзия жарысына 41 жас ақын түскен екен. Солардың қаншасы уақыттың қатал сынынан өтті, соны көзі қарақты ақындар мен оқырмандардың өздері байқап көруі үшін, сол кітапқа орналасқан реті бойынша тұтас аттарын атап өтейік: Қанапия Дәрібаев, Сабырхан Асанов, Сәкен Иманасов, Тұтқабай Иманбеков, Жүсіп Қыдыров, Құдаш Мұқашев, Қастек Баянбаев, Тұрсынзада Есімжанов, Әмина Шалабаева, Әбіш Кекілбаев, Құмарбек Сыдықов, Өтежан Нұрғалиев, Рахметолла Нұрпейісов, Балқия Мырзаханова, Қибат Иманғалиев, Нұрхан Жанаев, Мұқатай Жылқайдаров, Ескермес Ескендіров, Боранғали Ырзабаев, Қайрат Жұмағалиев, Ғарифолла Көшенов, Сейфолла Оспанов, Төлеген Айбергенов, Фариза Оңғарсынова, Хабиболла Сыдықов, Жанғали Нәбиоллин, Сәрсенбек Жұмабеков, Оспанәлі Иманәлиев, Совет Иманғараев, Марфуға Айтхожина, Оразақын Асқар, Хасенхан Талғаров, Өтеген Күмісбаев, Құрманбай Толыбаев, Мәрия Сейітова, Бақытбек Қозыкеев, Ескен Елубаев, Қалихан Алтынбаев, Максим Дәрібаев, Оспанхан Әубәкіров, Самат Қабылбаев.

Енді қолыңыздағы “Жас толқын” жинағына енген жас ақынның қаншауы болашаққа қай деңгейде барарын уақыт көрсетер. Әзірше бәріне де ақ жол тілеп, өлең-жырлары арқылы сырласып, өзімізше болжап көрейік.

Оразақын Асқар



Адалбек АХМЕДИ
Алматы қаласы



БАБАМНЫҢ БАСЫ

Мұңға толы бір әнді шырқап қана,
Күрсінеді көңілсіз сырқат дала.
Қурап қалған бабамның бас сүйегін,
Доп қып теуіп барады бір топ бала.

Доп қып теуіп барады ақымақтар,
Қайғы жұтып қалғиды атыраптар.
Жасын төгіп жылап тұр, еңіреп тұр,
Теректерге сарғайған жапырақтар.

Доп қып теуіп барады басын адам,
Блғи қыршын өмірде жасымаған.
Сыздап кетті жүрегім, мұздап кетті,
Сұм ажалдың тигендей тасы маған.

Басты апармақ тепкілеп қайда ғана,
Құлазыған қараймын айналаға.
Тұрған жасы шыға алмай жанарымның,
Беріш болып жүрекке байлана ма?

Ай аруды қалқалап қара қырау,
Қара түнді жамылған дала мынау.

Деп тұрғандай ұлы тау маған қарап:
“Ездік қылып езілме, қарағым-ау”.

Гүлдей курап мен тұрмын белестегі,
Көңілімнің көгінен жел еспеді.
Неге екенін білмеймін кураған бас,
Зуқа батыр басы боп елестеді.

Тарғыл тауға тұрғанда бетті беріп,
Өзегімді ақ жалын кетті керіп,
Бабатайдың доп болып есіл басы,
Домалап жүр, япыр-ай, тепкіленіп.

Жан едім ғой өмірден от тілеген,
Қайда алыстап сол жігер кетті менен.
Жүріп алда топ бала қара түнде,
Алтын басын бабаның тепкілеген.

Қарай-қарай үмітпен бала жасқа,
Қиял сүріп мен тұрдым ала қашпа
Тік көтеріп бабамның бас сүйегін,
Періп кетті меңіреу кара тасқа.

Періп кетті, үзілді ғасыр әні,
Ғасыр әні — халықтың асыл әні.
Быт-шыт болған бабамның бас сүйегі,
Быт-шыт болып жан-жаққа шашырады.

ӨЗІҢНЕН КӨР, ҚАЗАҒЫМ

Өзіңнен көр, қазағым, жылай көрме,
Қылыш тисе қайтар ең қынай белге.
Аққуларың шомылып таранатын,
Саңғырығын тастайды құмай көлге.
Өзіңнен көр қазағым, қарашығым,
Жүрегіңнің білем ғой жарасы мың.
Ауа алмассын деп ашқан терезеңнен,
Ұшып кірген үйіңе қара шыбын.
Арамдайды асыңның бар асылын.

Өзіңнен көр, қазағым, барлығын да,
Күңгірт әлі болашақ тағдырың да.
Жер ұйығын аспанның табамын деп,
Ақыреттің шыңынан қарғыдың ба?

Тағдырың ақырет – шың басында тұр,
Өмір өзен бурқанып тасып жатыр.
Мықты шығар желкені қайғыңның,
Тым қатыгез күтіп тұр жасын ғасыр.

Өзіңнен көр, қазағым, бәр-бөрің де,
Бара жатыр азайып дәрменің де.
Дала иісі бүрқырап жататұғын,
Жоғалған жырларың да, әндерің де,

Өзіңнен көр бөріне шыдамасаң,
Жығыласың, құлайсың ұраға сан.
Сыған тірлік оп-оңай емізбейді,
Көздің жасын көлдетіп жыламасаң.

Өзіңнен көр, қазағым, өзіңнен көр,
Мынау жауыз ғасырды көзіңмен көр.
Қатарласып қасында бара жатыр,
Басын мұжып бабаңның семіргендер.

АҚ ТАЯҚ

Қайран ата жүретін еркелетіп,
Сұм жалғаннан қалдың-ау ерте кетіп.
Жол көрсетер өзің жоқ, қалай жүрем,
Қайғыма қайғымды желкен етіп?

Қуанып ең көргенде келініңді,
Басылмаған басқандай жеріңді.
Немереңе төге алмай мейіріңді,
Кеттің ерте тигізбей ерініңді.

Кейде келмей есіме ақ самайың,
Жүрегімнен қалады ақпай ағын.

Босағада құлазып қалып қойған,
Жалғызсырап тұр, ата, ақ таяғың.

Арманыңа білмеймін таядым ба,
Кебісім бар қорғасын аяғымда.
Бір ақ құрық түртеді сезімімді,
Ата, сенің қалдырған таяғың ба?

Арманыңа білмеймін таядым ба,
Ағып кетер екенмін қай ағынға?
Жол көрсетер өзің жоқ, көзіндей боп,
Саусағыңның мөрі тұр таяғыңда.

Кім біледі бұл балаң жарытпай ма,
Астымдағы арғымақ арықтай ма.
Қатып жүрген арманың боз далада,
Кім біледі оғымды дарытпай ма?

Сорым мың ба,
Дариға-ай, бағым мың ба?
Күйыла ма кеудемнен ағын құмға.
Қарай берем кәдімгі ақ таяққа,
Ата, сені, япыр-ау, сағындым ба?

Сағынамын, бей уақыт ойланамын,
Таяғыңмен демеймін қой бағамын.
Көрсең, шіркін, арманың болмас еді,
Немереңнің ат ойнағанын.

ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Бәрі жалғыз:
Жалғыз әлем,
Жалғыз күн,
Жалғыз емен тұр басында жал-күздың,
Жалғыз жерде
Жалғыз жүрмін адасып,
О, махаббат.
Жалғызсың ба?
Жалғызбын.

Бәрі жалғыз:
Жалғыздықтан жалықтым,
Жалғыз қалай жанып тұрсың, жарық күн?
Жалғыз кірген Мұқағали бейбағың,
Қара түнек құшағына табыттың.

Бәрі жалғыз:
Жалғыздықтан қорқамын,
Таң алдында жалғыз қалса шолпаным.
Жалғыз адам,
Жалғыз көрдің бетінде жалғыз ізін,
Қалтырады қол табын.

Жалғыз өмір:
Жалғыз өлім адамға,
Жалғыз бақыт жеткілікті маған да.
Маң далада жалғыз жүрмін маңырап,
Жалғыз кеткен арманымды табам ба?
Табыл, арман, табыл мейлі, табылма,
Жалғыз адам келе алмайды сабырға.
Арт жағында махаббатын қалдырып,
Анашым да жалғыз жатыр қабырда.

Жатыр анам жалғыз ұйқтап мекенде
Мен ақ сүтін ақтай алмай кетем бе?
Жалғыз қасық сусын болғым келеді,
Құба құмда құлап жатқан бөкенге.
Жалғыз барып мұң шағайын еменге,
Жалғыз жүрек дүрсілдейді денемде.
Ғұмырымда кетсем болды сыйғызып,
Жалғыз мола, жалғыз шумақ өлеңге.

ТҮН

Түн-түнек, көзге түртсе көрінбейді,
Түн-ажал төге салам өлім дейді.
Түн-тілек екі сорлы оңашада,
Сырласып бақыт нанын бөліп жейді.

Түн-жанар, көкте жұлдыз жымыңдаған,
Түн-ару жүрегіңнен сыр ұрлаған.

Түн-жауыз тамырыңнан жаныңды ішіп,
Қандала жалтарыста қыбырлаған.

Түн-үрей, үйқың қашар алағызып,
Түн-арай, жанарыңда жанады үміт.
Түн-шаттық, түнгі ауыл дала қызық,
Түн-дүлей, жатыр кімнен қан ағызып.

Түн-бота, бозінгеннің қоңырауы,
Түн-нота, қоғалардың қоңыр әні.
Түн-ана, бесіктегі нәрестеңе,
Иіген аналардың омырауы.

Түн-керек, ештеңені естімейді,
Керекнен қандай адам дос тілейді.
Түн-өлең, ақын шабыт қолтықтасып,
Жүрегін дүниенің кескілейді.

ЕСАЛАҢ

Есімде бала кезімде,
Біздің шағын ауылда
Бар еді бір есалаң.
Әрекетін, сөзін де,
Жан жарасын, арын да
Түсінбейтін еш адам.

Ойға-қырға барса да,
Елдің бәрі күлетін,
Қылығына бола мас
Күндіз-түні арқаға
Көтеріп-ап жүретін
Сәл сопақтау қара тас.

Тастан ұрып баламды,
Өлтіреді деп ойлап
Көздерінде қан ойнап
Бәзі біреулер сорлының
Өз бетімен жіберген

Даласында қарғайтын
Шағып елге зар-мұңын
Сазатына мың өлген
Анасын да қарғайтын.
Бірақ сорлы бейбақтың,
Санасына танбайтын
Шапағатын, зар-мұңын,
Махаббатын, жаңбырын
Жүрмін, – дейтін, – көтеріп
Мен адамдар тағдырын”
Ана – күнге қарсы ағып
Қара түнді қарсы алып
Ауыл кезіп жүретін
Бір ғажайып ән салып.
Жолы батпақ, жолы қан,
Есалаңның соңынан,
Еретінбіз тамсанып.
Қырау қымтап бактарды,
Қына бүркеп тастарды
Есалаңдар ескіріп
Мәңгілікке аттанды
Ай, қара тас, қара жер
Кеудесінде қап қалды.

“Мен – Алпамыс батырмын,
Мен – Жолбарыс ақынмын
Жер шары – бала арқамда
Көтеріп келе жатырмын”, –
Деп салатын әніне
Сол есалаң есімнен
Шықпай келеді әліге.

МАҒАН БІРАЗ БЕР ҒҰМЫР

Ассалаумағалейкүм, армысың,
Жаратқан ием, ғұзырыңда бармысың.
Қара ұлын шақыртады қол бұлғап,
Көз ұшында бұлдыр-бұлдыр қарлы шың.

Қуат берші, қарлы шыңға барайын,
Шұбат берші, шөлдедім ғой қанайын,

Шуақ берші, жылынайын, жанайын,
Мұрат берші, қарлы шыңда қалайын!

Қара кеште қара балаң жүр жылап,
Көзім алды бара жатыр бұлдырап.
Әнеу жаққа күн артынан күн құлап,
Бет алыссыз барады ағып мұң-бұлақ.

Жаратқан-ау, тұра тұршы бір мезет,
Жібермеші жебірейілді елгезек.
Онсыз-дағы мына мәңгүрт тобырың,
Жең ішінде қара қанжар жүр кезеп.

Уа, жаратқан, жарығымды сөндірме,
Тілегімді түнегіңе ендірме.
Жаңа ғана жиырма беске келдім мен,
Қасіретін жоқтағам жоқ елдің де
Құжынаған қалың тобыр ішінен
Мені ғана, мені ғана көрдің бе?!

Уа, жаратқан,
Түніңді ал, күнің бер,
Өзегіме өз елімнің мұңын бер.
Қазағымның жанары боп жылаймын
Маған біраз жыр жазарлық ғұмыр бер.

Уа, жаратқан, өкпелі ғой маған ел,
Бауырын әлі жаза алған жоқ қарагер.
Қазағымның жоқтамасам намысын,
Бас ұрмаймын, алам десең, ала бер,
Өкпелі ғой маған қалам-қарагер!

Уа, жаратқан, маған біраз бер ғұмыр,
Керегі жоқ, керегі жоқ қанды іңір.
Тым құрыса ай-күн әлі толмаған,
Жарық көрсін жүректегі соңғы жыр
Маған біраз бер, ғұмыр!

САҒЫНЫШ

Алдымен ана өзіңнің,
Шапағатыңды сағынғам.
Қарашығыңдай көзіңнің,
Махаббатымды сағынғам.

Дірілдеп күміс ай батқан,
Көліңді керім сағынғам.
Алыстап ауыл аймақтан,
Өзіңді елім сағынғам.

Бағынғам ата мекенді,
Сағынғам бота, бөкенді.
Сағынышпенен сан ішкем,
Шып-шып толған кесемді.

Арғы жағынан Алтайдың,
Бергі жағын сағынғам.
Көкірегімде ұйып нон қайғым,
Елді жарым сағынғам.

Алтайдан асып өте алмай,
Алатауға жете алмай.
Зәріндей ғана бақаның,
Жеменейді кеше алмай,
Сағыныштан сарғайғам,
Жапырақ кешіп сарғайған

Алматыны көре алмай,
Көшкен елге ере алмай,
Сағынғамын, сарғайғам
Құдай алмай, жер алмай.

Төмпешік боп жат елде,
Сағыныштан сарғайып,
Қалып қойған төтем де
Ей, Алматы, бар ма айып?!

Сол анамның арманын,
Алып келдім арқалап.

Құшағыңды аш тауларым,
Құшағыңды аш, шартарап.

Сарғайып жүріп сан жылдар,
Сарқылған кезде жеттім мен.
Сарғайып кеткір тағдырлар,
Аман қалып тепкіңнен.

Өкпесін айтып тағдырға
Алатау сенің алдыңда
Ұларың, ұлың жылап тұр
Сарғайған сарғыш нұрыңды
Сар таңдағы шуақ қыл
Сарғайып жеткен ұлыңды
Сарарқаға лақтыр.

Самарқау салқын санамды,
Сағынышымнан босатпа.
Сағынып жеткен балаңды,
Сары қызыңа қосақта.

Сары желмен жарысып,
Сарарқада сандалсын.
Сары қызыңмен танысып,
Сағынышын малдансын.
Сары ізінен ән қалсын
Салқын дүние таңғалсын.

Құлазып қашқан қашқында
Ей, Алматы, бар ма айып,
Бір ғана белдің астында
Ауылым қалды сарғайып.

Сағынышым сол белде
Түсіп қалған сияқты.
Жүрегімді шерменде
Үсік шалған сияқты.

Алматыға келсем де,
Тоңып жүрмін дірдектеп.
Мейіріңді берсең де,
Өз әліңше құрметтеп.

Бауырыңа бас енді,
Тоңып жүрмін, тоңдым мен.
Қарқарадай әкемді
Сағынатын болдым мен.

Сабыр, сабыр, сарқылма,
Санаға кірсе салқындық.
Боламыз деп нар тұлға
Сан жығылып, сан тұрдық.

Сағындым мен, сағындым,
Алтайымның даласын,
Сауырымның сағасын,
Жеменейдің жағасын,
Апашымның сабасын,
Ауылымның баласын,
Анашымның моласын,
Сағындым ғой дара шың,
Қара нардай, нағашым,
Сағындым ғой Үліңгір,
Сағындым ғой Қанасым,
Сағындым мен бәр-бәрін,
Сағыныш толастамасын.

Шүйінші, шүйінші беріндер,
Келіндер, үйіме еніңдер.
Сағынышымнан жаралған
Сағынышымды көріңдер.
Дастарқан жайыңдар,
Аңқылдақ апалар, ақ жарқын келіндер!

Шүйінші,
Тойым бар,
Ақ сарбасым бар, сойыңдар.
Жарқылдап ән тыңдап, сендер де күліңдер,
Көктерек, ақ балтыр қайыңдар!

Шүйінші алыңдар,
Алтайдан, даламнан
Шүйінші алыңдар,
Тас қабір анамнан.
Сағыныштардан жаралған

Сағыныш деген қызым бар,
Қызындар, бәрің қызындар.

Сарғайып туған Шолпандай
Сағынып көрген қызым сен.
Сағынып жүріп арқандай
Қайтер едім үзілсем.

Сағынышымнан жаралған
Сағынышым бар менің.
Сағынамын, жарандар
Сағынамын мәңгі, елім.
Сағынышым бар менің!





* * *

Ызалымын, түсінуден кеткенмін,
Түкке тұрмас тексізге де кектендім.
Мазағы мен қасіреті жетерлік,
Сезіміме орнатылған өткелмін.

Жақсымын мен, жақсылығы аз ғана,
Өкпелеме, не бітірмек аз дара?
Парасаттан туылғаным ақиқат,
Дөрекілеу сезімдерді қозғама!

Азаппын мен, жоқ басқаша есімім,
Енді қайтып туылмаймын ешқашан,
Енді қайтып туылмаймын ешқашан,
Жалғыз Ием жасай қалса кешірім.

Сен түгілі ренжітетін Иесін.
Мен – Шындықпын, жақындама, күйесің!
Өтіріктің көзін сүйген талайға,
Ұқтырмақ ем шын махаббат киесін...